

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ұстазға рахмет айту сөздері

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.05.2025

ТІРЕК СӨЗДЕР

алғыс сөздері, бітіру кеші, жүрекжарды сөз, мағыналы сөздер, мектеп бітіруші түлек, мектеппен қоштасу, мұғалімге құрмет, ресми құттықтау, соңғы қоңырау, түлектен мұғалімге, түлектер сөзі, ұстазға алғыс, ұстазға арналған құттықтау, ұстаздар мерекесі, шабыттандыратын мәтін

СІЛТЕМЕ

<https://bilimger.kz/179923/>

Құрметті ұстаздар!

Бүгін біз үшін ерекше күн – өміріміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз. Осы сәтте біз ең алдымен сіздерге – алтын уақытын, терең білімін, шексіз мейірімін бізден аямай, әрқашан бағыт-бағдар беріп отырған қадірлі ұстаздарымызға алғыс айтқымыз келеді.

Сіздер бізге тек әріп үйретіп, есеп шығартқан жоқсыздар. Сіздер бізге өмірдің мәнін түсіндірдіңіздер, жақсылық пен жамандықты айыра білуді үйреттіңіздер. Қиын сәтте қолдап, қуанышты сәтте бірге қуана білдіңіздер. Сіздердің әр сөзіңіз, әр кеңесіңіз – біз үшін баға жетпес қазына.

Бүгін біз мектеп қабырғасынан түлеп ұшқалы тұрмыз. Әрқайсымыз әр тарапқа бет алып, жаңа өмір жолына түссек те, жүрегімізде сіздерге деген алғыс пен құрмет мәңгі сақталады. Бізді тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатқандарыңыз үшін шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Сіздердің еңбектеріңіз ешқашан елеусіз қалмасын. Алда бізді күтіп тұрған өмір жолында Сіздерден алған тәлім-тәрбиеміз, біліміміз үлкен көмек болатынына сенімдіміз. Ұстаз аты — ұлы есім. Сол ұлы есімге лайық бола білген сіздерге мың тағзым!

**Ізгі тілекпен,
мектеп бітіруші түлектеріңіз.**

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.